

Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 20 қазандағы N 3700

"Қазақстан Республикасының астанасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі N 106 қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын.

2. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті